



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

ОӘЖ 37.02

## **БІЛІМ АЛУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУ ҮШІН ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ**

Базарбай Гүлнұр Айдарқызы  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Қостанай қаласы №11 жалпы білім беретін мектебі  
E-mail: gulnur95\_95@mail.ru  
Судейменова Карлыгаш Карабаевна  
Бастауыш сынып мұғалімі  
Қостанай қаласы №11 жалпы білім беретін мектебі  
E-mail:karlygash.suleymenova.2020@mail.ru

### **Аңдатпа**

*Білім саласындағы түрлі реформаларды жүзеге асыру барысында оқушыларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу өте маңызды. Оқу-тәрбие-үдерісін педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу – оқушының субъективті тәжірибесі мен жеке қажеттіліктерін ескеріледі. Оның жеке-тұлғалық қасиеттерін оңтайлы қалыптастыруға, танымдық дамуын оқу-тәрбие үдерісі арқылы қамтамасыз етуге бағытталған педагогтің және оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың біріккен іс-ерекетінің жүйесі.*

*Түйінді сөздер: тұлға, сүйемелдеу, қолдау, мүмкіндіктер, тәсіл.*

### **Аннотация**

*При реализации различных реформ в сфере образования очень важно педагогико-психологическое сопровождение учащихся. Педагогико-психологическое сопровождение учебно-воспитательного процесса учитывается субъективный опыт и индивидуальные потребности учащегося. Система объединенной деятельности педагога и участников учебно-воспитательного процесса, направленная на оптимальное формирование его личностно-личностных качеств, обеспечение познавательного развития через учебно-воспитательный процесс.*

*Ключевые слова: личность, сопровождение, поддержка, возможности, подход.*

### **Abstract**

*When implementing various reforms in the field of education, pedagogical and psychological support of students is very important. Pedagogical and psychological support of the educational process -the subjective experience and individual needs of the student are taken into account. The system of combined activity of the teacher and participants of the educational process, aimed at the optimal formation of his personal and personal qualities, ensuring cognitive development through the educational process.*

*Key words: personality, accompaniment, support, opportunities, approach.*

Бүгінде педагогтерге оқушының психологиялық жас ерекшелігін терең біліп, оқыту мен тәрбие үдерісін жүзеге асыруда басшылыққа алуы маңызды. Жеке-тұлғалық қасиеттеріне оқушының темперамент типі, қабілеті, мінез-құлқы және өзіндік санасы жатады. Темперамент типтері мен мінез-құлқы ерекшеліктері, экстрроверт пен интроверт оқушылардың өз-өздерін реттеуде, өз-өздерін бағалауда, оқуға ішкі және сыртқы мотивацияны оятуда ерекшеліктеріне қарай педагог қарым-қатынас стилін айқындап, қолдау, бағыт-бағдар беру мөлшерін қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асыру шарт. Оқушы қабілетін, оның арнайы және жалпы көріну кендігіне қарай оқыту-тәрбие үдерісінде дамыту үшін кеңейтілген тапсырмалар, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, Блум таксономиясына негізделген деңгейлік тапсырмалар мен деңгейлік сұрақтар және т.б. енгізу арқылы дамытуға болады.

Сүйемелдеу мақсаты – оқушының нақты жағдаяттарда максималды тұлғалық дамуы мен оқуына оның нақты объективті мүмкіндіктері аясында әлеуметтік-педагогикалық орта жағдайын жасау.

Сүйемелдеу принциптері: тұлғалық құндылық принципі, баланың қайталанбас жекелігін мойындаудан тұратын тұлғаның бірегейлігі принципі, тұлғалық даму басымдылығы принципі.[1, 4б.]

Тұлғалық құндылық принципі

Сол жас ерекшелік сатысында баланың табиғи дамуын ескеру. Баланы сүйемелдеу жасанды мақсаттар мен міндеттерге сүйенбейді, балада нақты бар тұлғалық жетістіктерге негізделеді. Сол себепті, оқушының ішкі әлемінің құндылығы, оның қажеттіліктері, мақсаттары және даму құндылықтары басымдыққа ие.

Деңгейлік бағдарламалар мазмұны мен білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасының түйінді идеялары мен басым ұстанымдары тұлғалық құндылық принципін толық жүзеге асыра алады. Мұғалімнің құндылығы, ұстанымы және іс-әрекеті оқушының жеке тұлға ретінде дамуына бағытталады. Бұл бағдарламалар аясында оқытуды жүзеге асыру келесі оқыту принциптерін басшылыққа алады: ынтымақтастықта оқыту, әр оқушыға жеке тәсіл қолдану, сенім білдіру, болжауға болмаушылық, бірлескен іс-әрекет.

Тұлғаның бірегейлі принципіастарында балалардың қоршаған ортамен және өз-өзімен қатынастар жүйесін өзбетімен шығармашылық тұрғыда меңгеру үшін, сонымен қатар әр баланың тұлғалық маңызы бар шешімдер қабылдауға жағдай жасау. Баланың ішкі әлемі автономды және тәуелсіз. Бұл бірегей әлемнің дамуы мен қалыптасуында ересек адам маңызды рөл атқарады. Дегенмен, мұғалім бала үшін таңдау жасамауы керек, себебі баладан қабылданған шешімнен жауапкершілікті азайтады. Мұғалім сүйемелдеу үдерісі барысында таңдау жағдаятынжасақтау арқылы балаға өзбетімен шешімдерді табуға бағыттайды, өз өміріне жауапкершілікті алуға көмектеседі.

Ал бұл принцип оқу мен оқыту модулдерінде толықтай басшылыққа алынған. Мысалы., сыни тұрғыдан ойлауды дамыту модулінің түйінді идеяларын жүзеге асыру үшін қолданылатын тәсілдер «Блум түймедағы», «Галерея», «Стоп кадр», «Ашығын айтсам», «ББҮ» және т.б. оқушының белгілі бір ақпаратты қабылдай отырып, өз ой-пікірін білдіру, өзі үшін маңыздылығын айқындау, басқаның пікірін қабылдай отырып, рефлексивті ой қорытынды жасауы оқушының өз өмірі үшін жауапкершілікті қалыптастырады. Оқыту үшін бағалауда өзін-өзі бағалау арқылы өзінің оқу жетістіктері мен жетілдіретін тұстарын айқындап, ері қарай қалай оқу керектігін айқындайды.



«Сурет 1»



«Сурет 2»

Тұлғалық даму басымдылығы принципі, оқу басты мақсат емес, әр баланың дамуына септесетін құрал ретінде қолданылса. Сүйемелдеу идеясында екіншілік принцип бар, ол баланың өмірі мен іс-әрекетінің әлеуметтік және оқу-тәрбие ортасына қатысты оның формалары мен мазмұны арқылы жүзеге асады. Мұғалім арқылы жүзеге асатын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу алдына баланың әлеуметтік жағдайына бағытталмайды, ол үшін ата-анасы таңдаған тәрбие жүйесіне мақсатты бағытталады.

Бұл принцип «Талантты және дарынды балаларға білім беру» және «Оқу үшін және оқыту үшін бағалау» модульдерінде ата-анамен тығыз байланыс жасау, отбасындағы тәрбиелеу мен баланың дамуы үшін жасалған мүмкіндіктер туралы сауалнама өткізу, талантты және дарынды баланың қабілетін анықтау үшін әдістемелер өткізу, оқу үшін және оқыту үшін бағалауда ата-анаға кері байланыс жасау, бағыт-бағдар беру арқылы жүзеге асырылады.

Қорыта келе, әр оқушы қайталанбас жеке тұлға, білім беру ортасы әр оқушының дамуына қолайлы жағдай жасауы, оқу мен тәрбие баланың тұлғалық дамуына септесуі керек, ол үшін жаңарған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда педагогтің кәсіби құзіреттілігі мен психологиялық құзіреттілігі де үлкен рөл атқарады. Үздіксіз оқу мен оны тәжірибемен ұштастыру арқылы көздеген мақсатымызға жете аламыз.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды бірнеше аспектілермен қарастыруға болады:

- балаға жеке білім беруде көмек пен қолдау көрсетуге қабілетті педагог-психологтың кәсіптік қызметі сияқты;
- білім беру міндеттерін шешу кезінде балаға рухани дербес таңдау жасауға көмектесетін мақсатқа бағытталған педагогикалық әрекеттер кешенін құрайтын үдеріс сияқты;
- жетекші мен жетеленушінің өзара іс-әрекеті сияқты;
- оқушылардың оқу жетістіктерін қамтамасыз етуде педагог, психолог, және т.б. мамандар әрекетінің дәйекті кезеңдерінің қатарын құрайтын технология сияқты;
- мақсатты, мазмұнды, үдерісті және нәтижелі элементтердің өзара қарым-қатынасын мінездейтін жүйе сияқты.

Соңғы жылдары психологиялық-педагогикалық қолдаудың теориясы мен практикасының жіті дамуы білім беру мақсаты туралы ұсынымды кеңейтуге байланысты болды. Бұл мақсатқа тәрбиелеу, дамыту мақсаттары, бала денсаулығын физикалық, психологиялық, психикалық, рухани және әлеуметтік қамтамасыз ету енеді. [3,2б.]

Қолдаудың негізі келесі ұстанымдардан болады:

1. *Ізгілендіру* – бала мүмкіндігіне сенуге болжанған.
2. *Жүйелі тәсіл* – біртұтас жүйе ретінде адам түсінігіне негізделген.
3. *Кешенді тәсіл* - бала дамуын қолдауға бағытталған.
4. Баланың жеке мүмкіндігіне, оның даму қарқынына сәйкес қолдаудың мазмұнын, формаларын және тәсілдерін болжайтын *баланың жеке және жас ерекшеліктерінің есебі*.
5. Білім беру үдерісінде баланы *қолдаудың үздіксіздігі*.

*Психологиялық-педагогикалық қолдау* – бұл мектепалды даярлық үдерісінде әрбір баланың табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметті-психологиялық және педагогикалық жағдайлар құратын толық, жүйелі ұйымдастырылған қызмет.

Психологиялық-педагогикалық қолдау объектісі болып білім беру үдерісі (оқу-тәрбие үдерісі) табылады.

Қызмет пәні – бала қатынасының жүйесі ретінде бала дамуының жағдайы:

- әлеммен;
- айналасындағылармен (ересектер, құрбылар);
- өзімен өзі.

Қазіргі таңда Қазақстан мектептеріндегі бір өзекті мәселелерінің бірі- оқушылардың білім алуға деген құштарлығының төмендігі немесе оқуға деген мотивацияның жоқтығы. Оқушылардың оқуға деген мотивациясының жоқтығы көптеген себептермен түсіндіріледі. Соның ішінде : білім алуға деген жалқаулық, іш пыстырарлық мектептегі өмір, әлеуметтік –тұрмыстық жағдайы, ата-аналарымен және сыныптастар арасындағы түсінбеушілік т.б. Кейбір оқушылар мектепте білім алуды өздері үшін емес ата-анасының нұсқауымен немесе өмірінің міндетті бір бөлігі ретінде қарайды. [2. 6 б.]

Бастауыш сыныпта оқушылар бір-бірімен бәсекелесіп ата-аналарының , мұғалімдерінің көзінше үздік болуға тырысса, орта буынға келгенде олардың оқуға деген ынтасы кеміп, мектепке тек ата-аналарының, мұғалімдердің ескертпелерінен қаймыққаннан және достарымен болу үшін келетін тәрізді. Және де қазіргі интернет, әлеуметтік желілер, компьютерлік ойындартағы басқа да жағдайлар оқушының сабаққа деген ынтасын өздеріне аударып жатқаны белгілі. Осындай кезде оқушыға білімнің керек екенін

және маңызы зор екенін жеткізу өте қиын. Ата-аналар балаларының оқуға деген ынтасының жоқтығына қиналу үстінде, әр ұстаздың басына «оқушыларды білім алуға деген қызығушылығын қалай арттыруға, ынталандыруға болады?» – деген сұрақ туады. Бұл мәселенің шешімін оңай табады деп айтуға келмес. Оқушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын арттыру үшін бала психологиясын, баланың қоршаған ортасын жақсы білу керек деп ойлаймын

Сонымен бізді мазалап отырған сұрақтардың бірі оқушылардың оқуға деген мотивациясының артуына не істеуге болады? Қарапайым мұғалім білім беру саласындағы көтеріліп жатқан осы өзекті мәселені өзгерту үшін не істей алады?

Мотивация мәселесі отандық және де шетел психологиясында ең негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Х. Хеккаузеннің «психологиялық зерттеу аймағында осы мотивация мәселесі сияқты кең әрі жан-жақты мәселе табылмас» деген Бұл мәселені зерттеп, сырын ашуға адамзат баласының көптеген ғалымдарын толғандырған. Оның бірі америкалық психолог Бенджамин Блум.

Осы жерде Блум таксономиясының білім игеруге бағытталған 6 қадамын атап өтсек болады.

Таксономия (грек тілінен аударғанда орналасу, құрылыс, тәртіп және заң) деген мағына береді.

Таксономия – олардың белгілі бір құрылымдағы бірізділігін құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу. [4. 126.]

6. Бағалау
5. Жинақтау
4. Талдау.
3. Қолану
2. Түсіну
1. Білу, тану

Алдымен оқушыны оқуғаталпындыру үшін білім алуына қолайлы жағдай жасау. Оқушылардың оқуға деген мотивациясының жоғарлауына сыныптағы көңіл күйдің жақсы болуы көп әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Біз әр балаға сабақ беру барысында жеке тұлға ретінде қарап оның ойын, пікірін ескеріп сабақ өткізсек оқушы да өзінің білім алуға деген көзқарасын өзгертері сөзсіз. Мұғалім алдын ала сабақтағы өзінің рөлін нақты белгілеп алу керек. Ол дегеніміз оқушыларды өз білімінің шекарасын анықтауға үйрету, оқушылармен сабақтағы өзекті сұрақтар көтеріп сол сұрақтардың шешу жолдарын талқылау, оқушыларға өзін-өзі бағалауды және бақылауды сеніп тапсыру. Осындай жолмен білім беру арқылы оқушы өзін жеке тұлға ретінде сезініп алдына мақсат қойып білім алуға және өзекті сұрақтарды шешуге өзінше талпынады, ұжымдық жұмыс істеуге үйренеді. Өзгенің пікірін тыңдап және өзінің пікірінің маңызды екенің түсінеді. Осындай жағдайлар оқушының оқуға деген мотивациясының жоғарлауына себеп болады.

Білім беру үдерісінің психологияландыру: мұғалімдер, оқушылар, ата – аналардың психологиялық мәдениетін жоғарылатуды қамтамасыз ету үшін сіздерге бірнеше психотерапия әдістерімен таныстырып өтейін:

Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, өз практикасында қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, меңгереді, тәжірибеде қолданады, оны дамытып нәтижесін тексереді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. edu.gov.kz
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. ҚР ЖББМ педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Астана, 2013.
3. Люблинская А.А. Учителю о психологии младшего школьника: по-собие для учителя/ А.А. Люблинская. – М.: Просвещение, 1977. – 224 с.
4. Степанов Е.Н. Педагогические подходы к концепциям воспитания/ Е.Н. Степанов, Л.М. Лузина. – М.: ТЦ Сфера, 2002. – 160 с.